

# 8 Наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесі құтты болсын!

Газет 1928 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады



## АРДАҚТЫ АНАЛАР! АЯУЛЫ АРУЛАР!

*Сіздерді көктемнің шуағымен қатар келетін ең көркем мереке – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

Ана – тіршіліктің бастауы, мейірімнің шуағы, өмірдің мәні. Қазақ халқы қашанда ананы ардақтап, әйелді құрмет тұтқан. Өйткені ана жүрегінен тараған жылу – әр шаңырақтың берекесі, әр ұрпақтың болашағы.

Бүгінде Целиноград ауданының нәзік жандылары экономиканың, білім мен денсаулық сақтаудың, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қызметтің, қоғамдық өмірдің барлық саласында белсенді еңбек етіп, туған өлкеміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып келеді. Сіздердің іскерліктеріңіз бен

парасаттарыңыз, жауапкершілік пен табандылықтарыңыз – аудан дамуының берік тірегі.

Сіздер өмірде – мейірімді ана, адал жар, аяулы әке, сенімді әріптессіздер. Отбасының ұйытқысы болып, қоғамның ұйысуына қызмет етіп келесіздер. Әйел бақыты – ел бақыты, ана қуанышы – ұлттың қуанышы.

Осы мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық пен ырыс-береке тілеймін. Жүздеріңізден күлкі кетпей, еңбектеріңіз әрдайым лайықты бағалансын!

Ізгі тілекпен,

Дарын САБЫРҒАЛИ, Целиноград ауданының әкімі.

## 15 НАУРЫЗ МАРТА ЭРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ! РЕФЕРЕНДУМ

### ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 27 ақпаннан бастап алуға болады

Есептен шығару куәлігін беру 14 наурызда сағат 18.00-де тоқтатылады



**01** Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



**02** Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



**03** Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

**!** Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді! Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқаны келетін азаматтарға берілмейді!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы  
www.election.gov.kz

## ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

**2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.**

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Эрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

### Ізгі лебіз

## БІЛІМ ЖОЛЫН ҰҒЫНДЫРҒАН ТЕРЕҢНЕН

### Ұлағатты ұстаз туралы үзік сыр

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұрпаққа білім беру – ұлтқа қызмет ету. Ұстаз – ұлы есім» деп тұжырымдағандай, осынау ұлы есімнің иелері кімдер десе, ең алдымен білімді де, білікті ұстаз ӘБДІРӘСІЛОВА Дина Жүнісқызының есімі ойға оралады.**

Біздің кейіпкеріміз 1955 жылы 31 наурыз күні Өзбекстан Республикасы, Бұхара (Науаи) облысы, Кенимех ауданында қызметкер отбасында дүниеге келген. Әкесі Әбдірәсілов Жүніс баспасөз саласының ардагері, кәсіби журналист, ҚазМУнің түлегі, аудандық газеттің редакторы қызметін атқарған. Ал анасы Әуелбекова Бекзат алтын құрсақты батыр ана, ұзақ жылдар бойы мектеп жасына дейінгі мекемеде еңбек еткен.

Дина Жүнісқызы Самарқан қаласындағы мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, Кенимех аудандық «Коммунистік еңбек» газетінде корректор, әдеби қызметкер міндетін атқарып әрі аудандық радиода қазақ тілінде хабарлар жүргізді.

Кейін ұстаздыққа бет бұрып, мұғалімдік қызметінде аудандағы тұңғыш өлкетану мұражайын ұйымдастыруға ат салысты. Осы қызметте жүргенде сол кездегі Ленинградтағы Этнографиялық музейдің қазақ бөлімін басқарған Алма Құнанбаева мен Мәскеудегі КСРО Суретшілер одағының бір топ журналистері нағыз қазақтың бет бейнесі мен образын іздеп жүрміз деп, біраз қазақ аналарының фотосуреттерін аттай қалап сұрап алған екен.

«Шетелдік журналистерді негізінен байырғы қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы туралы деректер мен материалдар қызықтырды», - дейді Дина Әбдірәсілова.

Өзбекстанда қызмет еткен жылдары жоғары санатты ұстаздың еңбегі бағаланып, ол туралы республикалық «Нұрлы жол», облыстық «Достық туы», аудандық «Кенимех таңы» газеттерінде мақалалар жарияланды. Бүкілодақтық аттестацияның қорытындысы бойынша «Әдіскер ұстаз» атағын бірнеше рет абыроймен қорғады. Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, «Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру саласының үздігі» атағын иеленді. Өзбекстан мұғалімдерінің VII съезіне делегат болып сайланып, 1992 жылы Өзбекстан қазақтарының тұңғыш Құрылтайына қатысты.

Дина Әбдірәсілова 1997 жылы тарихи отаны – Қазақстанға қоныс аударып, атажұртта өмірінің жарқын беттері ашылды.

«Сүйікті Отаныңа қызмет ету - қандай бақыт! Мен осы бақыттың қайнаған ортасында өмір сүрдім. Қаладағы №26 аралас орта мектепке жұмысқа тұрдым. Еліміздің жаңа астанасына еліміздің түкпір - түкпірінен келген әріптестеріммен қоян - қолтық араласып, жұмыс атқардым. Ақмола пединститутының (қазір ЕҰУ) студенттерін тарих пәні бойынша түрлі тәлімгерлік тәжірибелерден өткіздім, жас тарихшылармен қызықты шаралар ұйымдастырдым Бір сөзбен айтқанда, әріптестерімнің және мектеп ұжымының үлкен ризашылығына бөлендім. Сондықтан өзімді бақыттымын



деп санаймын» -дейді ұлағатты ұстаз ағынан жарылып. Сонымен қатар, Қазақ Ұлттық Музыка Академиясындағы бірге қызметтес болған керемет жандар туралы да ой толғайды. Әсіресе, кафедра меңгерушісі, ҚР ҰҒА академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Шағила Құсанова, өнер майталмандары Қазақстанның Халық Қаһарманы, КСРО Халық әртісі Әзербайжан Мәмбетов, Әлем әртісі, әйгілі скрипкашы Айман Мұсаходжаева, КСРО халық әртісі Еркеғали Рахмадиев, атакты композитор Төлеген Мұхамеджанов, тағы басқа да санлақтар туралы пайымды пікір айтады.

Білікті ұстаз, ардақты ана Дина Әбдірәсілова Целиноград ауданының Қоянды ауылында қызмет еткен жылдарын да сағынышпен еске алады. Ондағы мектеп ұжымымен әлі де қарым-қатынасы үзілмеген.

Бүгінде кейіпкеріміз шуақты отбасының ұйытқысы, абзал ана, ардақты әже. Екі баланың анасы, немерешөберелерінің сүйікті әжесі. Жұбайы, марқұм Сұлтан Молдахметов те ұстаз, физика пәнінің мұғалімі, Өзбек КСР Білім беру ісінің үздігі болған.

Ұлағатты Дина Әбдірәсілованың адал пейілі, абыройлы еңбегі мен өзінің әр ісін елмен кеңесіп атқаратын кеңдігі кейінгі педагог жастарымызға тағылым болар үлгі-өнеге дер едік.

Талғат ТӘШКЕЕВ, өз тілшіміз.

■ **Жастар және Уақыт**

**САНАЛЫ ҰРПАҚ — ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ**

*Жуырда аудан орталығы Ақмол ауылының орта мектебінде өзекті әлеуметтік тақырыптарды заманауи форматпен ұштастырған маңызды білім беру іс-шарасы өтті. TED үлгісіндегі интерактив форматта ұйымдастырылған «Саналы ұрпақ – қауіпсіз қоғам» атты кездесу жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігіне айналды.*

Кездесудің басты мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыру және заңға қайшы әрекеттердің салдарын терең түсіндіру. Ақпараттық орта күн сайын өзгеріп, жаңа сын-қатерлер пайда болып жатқан кезеңде мұндай бастамалардың стратегиялық маңызы арта түсуде.

Бағдарламаның теориялық бөлімі «Балалық шақтың қауіпсіздігі – басты кепіл» атты мазмұнды әрі ашық дәріс форматында өтті. Оқушылар алдында Целиноград ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері және Жастар ресурстық орталығының мамандары сөз сөйледі. Сарапшылар құқықбұзушылық түрлерін түсіндіріп, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік мәселелеріне жан-жақты тоқталды, сондай-ақ ойланбай жасалған әрекеттердің нақты салдарын баяндады. Әңгіме ресмиліктен алыс, жасөспірімдерге түсінікті тілде, бірақ тақырыптың маңыздылығын айқын көрсете отырып өрбіді.

Практикалық бөлім іс-шараның негізгі өзегіне айналды. Оқушылар бес топқа бөлініп, өмірде кездесетін нақты жағдайларды талдады: кибербуллинг, мектептегі буллинг, есірткі «жасырын қойылымдары», интернет-алаяқтық және вандализм. Бұл бағыттардың таңдалуы кездейсоқ емес, өйткені бүгінгі күні дәл осы мәселелер жасөспірімдер үшін жоғары қауіп аймағын қалыптастырып отыр.

Топтардың міндеті – жағдайларға құқықтық баға беру ғана емес, мектеп жағдайында жүзеге асыруға болатын құқықбұзушылықтың алдын алу моделін әзірлеу болды. Мұндай тәсіл оқушыларға теория шеңберінен шығып, өздерін нақты шешімдердің авторы ретінде сезінуге мүмкіндік берді. Шын мәнінде, олар сарапшы әрі өзгеріс көшбасшысы рөлін атқарды.

TED форматында – әр топ бес минуттан өз жобаларын қорғады. Ұсынылған бастамалар дәлелділігімен, креативті көзқарасымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленді. Оқушылар қауіптерді ерте анықтау тетіктерін, ақпараттық жұмысты күшейту жолдарын, мектепшілік өзін-өзі басқаруды дамыту мен өзара қолдау мәдениетін қалыптастыру ұсыныстарын ортаға салды. Олардың сөздерінен тек талдау емес, жеке көзқарас, жауапкершілік пен шынайылық байқалды.



Іс-шараның қорытынды кезеңінде «Бостандық па, әлде жауапкершілік пе?» тақырыбындағы ашық пікірталас болды. Бұл сұхбат кездесудің логикалық тұрғыдағы жалғасына айналды. Оқушылар жеке еркіндіктің шекарасы, заңның қоғамдағы рөлі және ішкі тәртіптің маңызы туралы ой бөлісті. Пікірталас мазмұнды түрде өтті, бұл саналы ұстанымның ашық диалог арқылы қалыптасатынын көрсетті.

Аталған іс-шара аясында көтерілген идеялар мен құндылықтар Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған басымдықтармен үндес. Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды құру заң үстемдігін нығайтпайынша, құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастырмайынша және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырмайынша мүмкін еместігін атап өткен болатын. Жолдауда балалардың құқықтарын қорғау, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, есірткі қатері мен киберкылмысқа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ жауапты әрі отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударылған.

Президент қоғам қауіпсіздігі тәртіптен, заңға құрметтен және әр азаматтың жеке жауапкершілігінен басталатынын баса айтады. Дәл осы қағидаттар «Саналы ұрпақ – қауіпсіз қоғам» жобасының негізіне айналды. Оқушыларға әрекеттің салдарын түсіндіру және конструктивті мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы білім беру ұйымдары құқықтық тәртіп пен қоғамдық тұрақтылықты нығайту жөніндегі жалпыұлттық міндетті жүзеге асыруға өз үлесін қосуда.

Іс-шара қорытындысында қатысушыларға сертификаттар табысталды. Алайда ең басты нәтиже – марапат емес, қауіпсіз қоғамның әр адамның күнделікті саналы таңдауы екенін терең түсіну болды.

«Саналы ұрпақ – қауіпсіз қоғам» жобасы – болашаққа салынған инвестиция. Мектеп бүгінгі құқықтық мәдениетті қалыптастыра отырып, ертеңгі күні заң аясында әрекет ететін, салмақты шешім қабылдайтын және әділдікке, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделген қоғам құратын ұрпақтың берік іргетасын қалайды.

■ **Брифинг**

**АУДАН КӨКТЕМГІ СУҒА ДАЙЫНДАЛУДА**

*Целиноград ауданы биылғы су тасқыны кезеңіне жоғары дайындық режимінде әзірленуде. Қабылданған қорғаныс шаралары және табиғи апатқа қарсы күресуге ресурстар жеткілікті ме деген сұрақтарға Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімінің орынбасары Айдос Тәңірбергенов жауап берді.*

Биыл көктемде 27 елді мекен су басу қаупі аймағына кіреді. Әсіресе Коянды, Оразақ, Талапкер және Қараөткел ауылдары ерекше бақылауға алынған. Бұл елді мекендер тарихи тұрғыда тасқын суды алғашқылардың бірі болып қабылдайды. Су басудың алдын алу мақсатында жергілікті билік инженерлік қорғаныс шараларына басымдық берді: 14 ауылда жалпы ұзындығы шамамен 28 шақырым болатын қорғаныс бөгеттері нығайтылды.

Тасты және Оразақ ауылдарында дамбалар тек жөнделіп қана қоймай, биіктігі 2,5 метрге дейін көтерілді. Ал су бұру мәселесі өзекті болып келген Коянды ауылында 3 шақырым бетон науалар төселіп, ауыл айналасында қосымша 4 шақырымнан астам траншея қазылды.

«Біз алдын алу шараларына басымдық бердік. Шұбары ауылында суды бұруға арналған сифон жүйесі енгізілді, ал Ақжар-Опан елді мекенінде ескі бетон сақиналар заманауи металл құбырларға ауыстырылды. Инженерлік құрылыстар тұрғын үйлерге төнетін қауіп-қатерді болдырмай, сағат механизмі сияқты мінсіз жұмыс істеуі тиіс», – деді Айдос Тәңірбергенов.

Дайындық жұмыстарының ауқымы ауқымды. Төтенше жағдай туындаған жағдайда аудан бойынша 132,5 млн теңге көлемінде қаржы резерві қалыптастырылған. 50 мың тонна инертті материал және 65 тонна жанар-жағармай қоры әзірленді. Нұра және Есіл өзендерінде мұз кептелістерінің алдын алу мақсатында бұрғылау-жару жұмыстарына келісімшарт жасалып, бұл мақсатқа 15,6 млн теңге бөлінді.

Дайындықтың маңызды кезеңдерінің бірі – қар шығару жұмыстары. Коммуналдық қызметтер 1 800 шақырым жолды тазалап, елді мекендерден тыс жерлерге 70 мың текше метр қар шығарды. Қажет болған жағдайда аудан бойынша 8 эвакуациялық пункт ашуға дайындық жүргізілген. Сондай-ақ мал басын қауіпсіз жерге көшіру үшін жем-шөп қоры бар 11 арнайы алаң әзірленді.

Жедел әрекет ету үшін 117 құтқарушы мен 87 арнайы техникадан құралған топ жасақталды. Техника Қорғалжын, Теміртау, Павлодар және Астрахан бағытындағы төрт негізгі тасжол бойына орналастырылды. Бұл кез келген елді мекенге қысқа уақыт ішінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Өңірлік коммуникациялар қызметі.

**САЙЛАУ — 2026**

**Целиноград ауданы Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА**

**2026 жылғы 1 наурыз күні Целиноград ауданы Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімін сайлауы өтті.**

Целиноград аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10 бабына сәйкес, Целиноград ауданының Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округінің әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

**Рахымжан Қошқарбаев сайлау округі бойынша Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімінің сайлауы:**

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 893 азамат енгізілді, оның 549 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 12, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған – 6.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Алимжанова Б.К. – 41; Әнәпияев Е.Б. – 37; Рахимбекова К.Д. – 453.

Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімі болып Рахимбекова Қаншайым Дулатқызы сайланды, 1984 жылы туған, ММ «Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» бас маманы, Рахымжан Қошқарбаев ауылында тұрады, өзін-өзі тәртібімен ұсынылған.

Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына, 2026 жылғы 3 наурыздағы шешімге сәйкес 2026 жылғы 1 наурызда сайланған әкімін тіркеді – Рахымжан Қошқарбаев ауылдық округінің әкімі – Рахимбекова Қаншайым Дулатқызы, 1984 жылы туған, Рахымжан Қошқарбаев ауылында тұрады.

Целиноград аудандық сайлау комиссиясы.

**ЖАРҚЫН ӨМІРДІ ТАҢДАЙЫҚ**

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!



НЕТ НАРКОТИКАМ!

*Нашақорлық — жай ғана медициналық диагноз емес. Бұл — адамдардың тағдырына әсер ететін, отбасыларды күйрететін*

*және тұтас ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін терең әлеуметтік мәселе. Өтірік, сатқындық, қылмыс, сенімнің жоғалуы, ауыр сырқаттар — мұның бәрі тәуелділіктің серігіне айналуды мүмкін. Сондықтан профилактика бүгінгі таңда тұрақты әрі салауатты қоғамға бағытталған стратегиялық инвестициясы.*

Целиноград ауданының ауылдық округтерінде жастармен жүргізілетін профилактикалық жұмыс жүйелі әрі мақсатты түрде жүзеге асырылуда. «Жастар есірткіге қарсы» акциясы аясында мектептерде кездесулер ұйымдастырылуда. Мұндағы негізгі мақсат — жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтына берік ұстаным қалыптастыру.

Оқушыларға есірткіге тәуелділіктің түрлері, оның белгілері мен салдары туралы ашық әрі түсінікті түрде ақпарат беріледі. Жастар нашақорлықтың адам тұлғасына қаншалықты ауыр зиян келтіретінін, өмір сапасын төмендетіп, болашақ мүмкіндіктерді қалай жоятындығын ұғынады. Сонымен қатар кейбір заттардың «зиянсыздығы» туралы қауіпті мифтерді жокқа шығару жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді.

Кездесулер барысында әлеуметтік антинаркотикалық бейнероликтер көрсетіліп, ашық пікірталастар ұйымдастырылады. Жоғары сынып оқушылары жай тыңдаушы болып қалмай, ойлау үдерісіне белсенді араласып, өз көзқарастарын қалыптастырады және жауапты шешім қабылдауды үйренеді. Ең басты нәтиже — жас адамның санасында сыртқы қысымнан күштірек естілетін ішкі «жок» деген берік ұстанымның қалыптасуы.

Профилактикалық жұмыста ауданның Жастар ресурстық орталығы маңызды рөл атқарады. Орталық мамандары мектептермен, кітапханалармен және мәдениет үйлерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, дәрістер, тақырыптық сағаттар және интерактивті кездесулер өткізеді. Еріктілер көшелерде ақпараттық акциялар ұйымдастырып, жадынамалар мен буклеттер тарату

арқылы қоғамды тәуелділік мәселесі төңірегінде ашық диалогқа шақырады.

Жүйелі жұмыс полиция және медицина саласының өкілдерімен серіктестік бойынша жүзеге асырылады. Құқық қорғау органдары және дәрігерлердің қатысуымен өтетін дөңгелек үстелдер жасөспірімдерге сенімді әрі нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Медициналық мекемелерде ашық есік күндері өткізіліп, жастар алдын алу, емдеу және оңалту жолдарымен танысады. Мұндай формат сенім атмосферасын қалыптастырып, көмектің әрдайым қолжетімді екенін көрсетеді.

Шығармашылық және спорттық бастамаларға да ерекше назар аударылады. Сурет байқаулары, граффити-акциялар, есірткіні насихаттайтын заңсыз жазбаларды өшіру рейдтері жасөспірімдердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады. «Есірткісіз өмір» ұранымен өтетін флешмобтар мен спорттық турнирлер жастық қуаттың жойылуға емес, дамуға бағытталуы керектігін айқын көрсетеді.

Психологиялық қолдау да маңызды орын алады. Мамандар мен еріктілер жасөспірімдерге «жок» деп айта білу дағдыларын үйретіп, есірткіге тәуелділікке алып келетін себептерді талқылайды және берік антинаркотикалық көзқарас қалыптастырады. Себебі профилактика — қорқыту емес, ағарту және тұлғалық беріктікті нығайту.

Өскеден ұрпақ — ең осал санаттардың бірі. Сондықтан алдын алу жұмыстары ерте жастан басталып, үздіксіз жүргізілуі тиіс. Адамгершілік, мейірімділік, өз денсаулығына және айналадағы адамдарға жауапкершілікпен қарау — еліміздің болашағын айқындайтын негізгі құндылықтар.

Бүгінде ашық әрі шынайы айту маңызды: темекі, алкоголь және есірткі — тұлғаның күйреуіне және өмірлік бағдарлардың жоғалуына апаратын жол. Алайда жастардың таңдауы бар — бұл күштің, саналы шешімнің және дамудың жолы.

Есірткіге «ЖОҚ» дейік. Денсаулықты, жауапкершілікті және армандар мен жетістіктерге толы өмірді таңдайық.

Әлия ХАСЕНОВА,  
аудандық ЖРО-ның маманы.

## ■ Аудан мәслихатында

## КЕЗЕКТІ 61-ШІ СЕССИЯ

Өткен аптаның аяғында аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудан мәслихатының кезекті алтын бірінші сессиясы болып өтті.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Целиноград аудандық мәслихат төрағасының атқарылған жұмысы туралы есебі туралы. Баяндамашы **Л.А. Қонарбаева**, Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы.

2. Целиноград ауданында шетелдіктер үшін 2026 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы. Бұл мәселе жөнінде «Целиноград ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы **А.С. Нұрмұханова** ақпарат берді.

3. Целиноград аудандық мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Сессия жұмысына аудан әкімі **Д. Сабырғали**, оның орынбасарлары, аудан прокуроры, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары қатысты.

Сессия қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Өз тілшіміз.

## ЦЕЛИНОГРАД АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қазақстандағы мәслихаттар халық пен билік арасындағы көпір іспетті, және ол өз өкілеттігі бойынша көптеген өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді. Тәуелсіздік жылдары аясында әр шақырылым бойынша жергілікті орган өкілдерінің ролі мен маңызы артып, мемлекеттік басқару буыны ретінде әлеуметтік мәселелер тұрғысында азаматтарға жақын бола түсуде.

Целиноград аудандық мәслихатында 15 депутат қызмет етеді, олардың 8-і «AMANAT», 1-і «Ауыл», 1-і «Ақ жол» партиясынан сайланғандар болса, 5-і өзін-өзі ұсынғандар.

Мәслихаттың негізгі қызметі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау болып табылады. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Мәслихаттың негізгі қызметі Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау болып табылады. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқық нормаларын айқындайтын мәслихат шешімдері әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады, бұл осы актілерді әзірлеушілерге де, тікелей мәслихатқа да жоғары жауапкершілік дәрежесін жүктейді.

2025 жылы аудандық мәслихаттың 22 сессиясы өткізілді, оның ішінде 4 кезекті және 18 кезектен тыс. Түрлі мәселелер бойынша 149 шешім қабылданды, оның ішінде 6 - Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеумен және Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне енгізумен. Қабылданған шешімдер азаматтарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қолдау, тұрғын үй көмегі, сондай-ақ салық салу мәселелеріне қатысты болды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Целиноград аудандық мәслихатының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің (шешімдерінің) жалпы саны 13-ті құрайды.

Аудандық мәслихаттың кезекті сессияларында: Целиноград аудандық мәслихаты төрағасының атқарылған жұмысы туралы есебі; аудан әкімі Д.С. Сабырғалидің «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы» есебі; 2024 жылғы аудандық бюджеттің және ауылдар, ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер; Целиноград аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының атқарылған жұмысы туралы есептері тыңдалды.

Аудандық мәслихат жанынан депутаттар қатарынан үш тұрақты комиссия құрылды және жұмыс істейді:

- экономика және бюджет мәселелері бойынша (төраға - Сабитова Гүлнар Ғалиулқызы);

- әлеуметтік мәселелер, заңдылық және құқықтық тәртіп, депутаттық өкілеттіктер және этика бойынша (төраға - Қапанов Амангелді Шауқенұлы);

- Аграрлық мәселелер бойынша, сондай - ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін сатып алу туралы шарттардың жобаларын қарау мәселелері бойынша (төраға - Берік Болғазыұлы Рымқұлов).

Заңнамамен аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының негізгі мақсаты сессияларға мәселелерді алдын ала қарау және дайындау, сондай-ақ мәслихат шешімдерін іске асыруға жәрдемдесу болып табылады. Осыған байланысты үш тұрақты комиссияның назарында Әлеуметтік сала, жер қатынастары және бюджетті атқару мәселелері болды.

Бюджет қаражатының едәуір бөлігі халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бағытталды. Бұл білім беру, тұрғын үй-коммуналдық және көлік инфрақұрылымын дамыту, халықты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру және басқа да әлеуметтік маңызды бағыттар саласындағы міндеттерді шешу.

Өз құзіреті шеңберінде және 2025 жылға арналған бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты комиссиялар тарапынан ауданда мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың іске асырылуына бақылау жасау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. 2025 жылы мәслихаттың

жұмысы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталды.

2025 жылы тұрақты комиссиялардың 24 отырысы өткізілді. Барлық қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданып, қорытындылар дайындалды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің тапсырмасына сәйкес 2021 жылғы қаңтардан бастап Целиноград аудандық мәслихатының Фейсбук әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында аудандық мәслихат сессияларының онлайн-трансляциясы енгізілді.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен сессияларының барлық отырыстары тікелей эфирде өткізіледі. Мәслихаттың ресми сайтында 625 құжат орналастырылды және мәслихаттың қызметі туралы 60 жаңалықтар жарияланды. Аудандық газеттерде депутаттардың мақалалары мен материалдары үнемі жарияланып отырды.

2025 жылы Целиноград аудандық мәслихатына жеке және заңды тұлғалардан 66 өтініш келіп түсті, оның ішінде сегізінші шақырылымдағы әлеуметтік мәселелер, заңдылық пен құқықтық тәртіп, депутаттық өкілеттіктер мен Әлеп жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында қаралған 5 шағым. Барлық өтініштер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жауаптар берілді.

Аудандық мәслихат депутаттарының тұрақты комиссия отырыстары мен сессиялардың қарауына шығарылатын мәселелерді дайындау және талқылауға белсенді қатысуын атап өткен жөн.

Мәселелерді қарау нәтижелері бойынша анықталған проблемалар, кемшіліктер қабылданған шешімдер мен қаулыларда көрсетілген. Барлық отырыстар аудан әкімінің және оның орынбасарларының, мемлекеттік мекеме басшыларының, ауылдар мен ауылдық округтер әкімдерінің, Қоғамдық кеңестің төрағасы мен мүшелерінің, қоғамдық бірлестіктер мен аудандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен өтті. Отырыстарды өткізу туралы материалдар аудандық мәслихаттың ресми сайтында жарияланады.

Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру мақсатында аудандық мәслихат депутаттары мен мамандарының құрамында уақытша жұмыс топтары құрылды. 2025 жылы аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау бойынша келіп түскен материалдар бойынша уақытша жұмыс топтарының 6 отырысы өткізілді. Аудандық мәслихат сессияларында шығып қалғандардың орнына сайлау комиссияларының 50 мүшесі сайланды.

Айта кету керек, аудандық мәслихат депутаттары өз өкілеттіктерін тұрақты комиссиялардың сессиялары мен отырыстарында ғана емес, сонымен қатар аудан әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ «AMANAT» партиясының аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссияларының құрамында да іске асырады.

Сайлаушылардың сенімін ақтау және олардың өтініштерін тиімді орындау үшін барынша күш салу депутаттық корпусының басты міндеті болып табылады. Депутаттар азаматтарды тұрақты түрде қабылдайды, оның ішінде «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде сайлаушылармен кездеседі, атқарушы органдармен бірлесіп әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға қатысады. Депутаттық қызметтің басымдығы халықпен тұрақты және тікелей байланыс болып қала береді.

2025 есептік жылы «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауында 32 азамат қабылданды. Аудандық мәслихаттың ресми сайтында жарияланған қабылдау кестесіне сәйкес депутаттар сайлаушыларды тұрақты түрде қабылдауды жүзеге асырады. Ең өзекті мәселелер - электрмен жабдықтау, интернет байланысының сапасы, жер қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері (автомобиль жолдарының жай-күйі, көшелерді жарықтандыру, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, елді мекендерді абаттандыру).

- Мәслихат депутаттары мен атқарушы органдардың азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру кезіндегі үйлестірілген және келісілген жұмысы көптеген проблемалық мәселелерді оң шешуге ықпал етті

- Сегізінші шақырылым кезеңінде депутаттар 254 депутаттық сауал дайындап, жолдады. 2025 жылы Электрмен жабдықтау, интернет, сумен жабдықтау, автомобиль жолдары, Денсаулық сақтау, экология, құқықтық тәртіп және сот даулары бойынша 68 депутаттық сауал жолданды, олар бойынша тиісті жауаптар алынды

- Оның ішінде 2025 жылы бірқатар маңызды және өзекті мәселелер бойынша 13 жалпы депутаттық сауал жолданды, атап айтқанда:

- ауданның азаматтық қорғау жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша (депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министріне жіберілді);

- карьерлердің жұмыс істеу мәселелері және аудан аумағында инертті материалдарды заңсыз өндіру фактілері бойынша (депутаттық сауалдар Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, экология және табиғи ресурстар министрлігіне жіберілді);

- аудан аумағында «Астананың жасыл белдеуі» жобасының жер мәртебесіне кешенді тексеру жүргізу қажеттілігі бойынша жер учаскелерін нақты пайдалануды және бірінғай кадастрлық-Геоаппараттық жүйенің деректерін салыстыра отырып. Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы Целиноград ауданының аумағында «Жасыл Аймақ» РМК-ға жалпы ауданы 44,9 мың гектар мемлекеттік орман қорының жер учаскелері бекітілгенін, оның бір бөлігі ұзақ мерзімді пайдалануға берілгенін анықтады. Жекелеген жер учаскелерінің нақты мәртебесі мен жылжымайтын мүліктің бірінғай мемлекеттік кадастрының мәліметтері арасындағы сәйкессіздіктер расталды, оның ішінде Деректер базасында жоқ учаске анықталды. РМК-ға қатысты тексеру ағымдағы жылдың көктемгі кезеңіне жоспарланған;

- заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша атқару

п а р а к т а р ы н беру және орындау мерзімдерін сақтамау фактілері б о й ы н ш а , олар аудандық бюджеттің кірісіне ақшалай қаражат өндіріп алынуға тиіс. Жол берілген бұзушылықтардың нәтижесінде аудандық бюджетке 467 миллион теңгеден астам сомада ақшалай қаражат түскен жоқ, сондай-ақ атқару парактарын уақтылы беруді және сот шешімдерінің нақты орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы мәселе қойылды.

Ақмола облыстық соты депутаттық сұрау салуда көрсетілген мәселелер бойынша сот актілерінің орындалуына талдау жүргізді. Талдау нәтижелері аясында аталған істер бойынша сот шешімдерінің заңды күшіне енгенін анықталды, бұл ретте олардың атқару парактарын уақтылы бермеу және оларды орындау рәсімін кешіктіру фактілері орын алды. Анықталған заң бұзушылықтарды жою мақсатында Ақмола облыстық сотының басшылығы тиісті құрылымдық бөлімшелерге іс жүргізу заңнамасында белгіленген мерзімдерді сақтау жөнінде тапсырмалар берді, сондай-ақ атқару парактарының уақтылы берілуіне және сот актілерінің орындалуына бақылау күшейтілді.

Барлық көтерілген мәселелер қаралды, олар бойынша оң шешімдер қабылданып, олар құқықтық өріс шеңберінде одан әрі қарау үшін құқық қорғау органдарына жіберілді. Өз өкілеттіктерін іске асыру барысында аудандық мәслихат депутаттары ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдерімен, аудан мекемелерінің басшыларымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, халыққа практикалық көмек көрсетеді, сайлаушылардың белсенді азаматтық ұстанымын жеке мысалмен қалыптастырады, қоғамдық-саяси іс-шараларға, қайырымдылық акциялары мен науқандарға қатысады. Аз қамтылған азаматтарға, көп балалы отбасыларға, қарт адамдарға және мүгедектігі бар адамдарға материалдық көмек көрсетіледі.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда біздің алдымызда маңызды міндеттер тұр. Солардың бірі - экономиканың негізгі салаларын жаңғырту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру. Әрине, бұл мақсаттарды іске асырудың негізгі құралы - бюджет. Оның толымдылығы аймаққа инвестициялар мен инвесторларды тартуға, ал бюджет кірісінің көлемі аудан ауылдарының өзекті мәселелерін шешудің тиімділігіне тікелей байланысты.

Осы және басқа да мәселелермен ауданның депутаттық корпусы аудан әкімдігімен, ауыл және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп жұмыс істеді. Бірлескен және жүйелі жұмыстың нәтижесі бойынша 2025 жылы ауданға 106 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды.

Әкімшілік-аумақтық құрылымды жетілдіру, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат Целиноград ауданының Қызылсуат ауылдық округінің шекараларында Нұрлы ауылын құру туралы Ақмола облысы әкімдігінің және Ақмола облыстық мәслихатының қарауына ұсыныс енгізілді.

2025 жылғы сәуірде әділет органдарында «Ақмола облысы Целиноград ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгерту туралы» Нормативтік құқықтық акт қабылданды және тіркелді, осыған сәйкес жаңа әкімшілік-аумақтық бірлік құрылып, ауылға Нұрлы атау берілді.

Елді мекеннің ресми мәртебесін беру азаматтарды тіркеуге, бюджет қаражатын тартуға және ауылды жоспарлы дамытуға, сондай-ақ ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға құқықтық негіз құрды.

Есептік кезеңде дыбыстық мәслихат депутаттары ынтымақты дамуға және халықтың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған іс-шаралары белсенді түрде ұйымдастырды. Сонымен қатар әлеуметтік қолдау көрсетіп, өзекті мәселелерді анықтау және оларды шешу мақсатында тұрғындармен тыныс байланысты болды.

Сондай-ақ, депутаттық корпус ауданға инвестиция тарту мәселелеріне белсенді түрде қатысты. Инвестициялар республикалық бюджет, Ұлттық қор және облыстық бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылым құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Бұл бағытта депутаттар елеулі және дәйекті жұмыс жүргізді.

Осылайша, өкілетті және атқарушы органдардың үйлесімді жұмысы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ауданның депутаттық корпусының атынан аудан әкімі Дарын Сабырғалиұлына сындарлы өзара іс-қимыл жасағаны үшін, депутаттар көтерген бірде-бір мәселе назардан тыс қалдырмағаны үшін және халықтың көптеген өзекті мәселелері өз шешімін тапқаны үшін алғыс білдіреміз.

Депутат болу - ең алдымен сайлаушыларға, қоғамға және өзіне артылатын сенім мен үлкен жауапкершілік. Аудандық мәслихат депутаттары қоғамда болып жатқан процестерді, өз ролін және тұрған міндеттерді шешудегі орнын түсінеді. Бүгінгі таңда өкілді билік органдары өздерінің өміршеңдігін дәлелдеді, ал депутаттар жауапкершілік пен кәсібилікті дәлелдеді деп айтуға болады.

Алда атқарылатын жұмыстар көп. Еліміздің дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатының артуы біздің қызметіміздің нәтижесіне тікелей байланысты. Сондықтан ауданымыздың депутаттық корпусы күш-жігерді біріктіре отырып, ауданның одан әрі табысты дамуы, жоспарланған міндеттерді іске асыру және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық мүмкіндіктер бар деп сенемін.

**Л. ҚОНАРБАЕВА, мәслихат төрайымы.**



**Құттықтау**

**Аудандық емхананың ұжымы  
ӘБДІРАХМАНОВА Майра  
Әйкенқызын 8-наурыз  
Халықаралық әйелдер күні  
мерекесімен құттықтайды.**

1984 жылы медицина училищесін бітірген Майра Әйкенқызы Целиноград аудандық аруханасына терапевт бөлімшесінің медбикесі болып қызметке келді. 1990 жылдан осы күнге дейін ол Нұрсіл ауылдық дәрігерлік амбулаториясында еңбек етіп келеді.

Денсаулық сақтау саласына қосқан қажырлы еңбегі лайықты бағаланып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған.

Біз Сізге барлық армандарыңыздың орындалуын тілейміз. Өміріңізде қуанышты сәттер көп болсын. Шаңырағыңыз шаттыққа толып, денсаулығыңыз мықты болсын!



**Құрметті ханымдар – Целиноград аудандық емханасы мен дәрігерлік амбулаториясының қыметкерлері!**

Сіздерді 8 наурыз -Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге абыройлы еңбектеріңіз, шипалы қолдарыңыз, жылы жүректеріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіздер әр күн сайын жұмыс орындарыңызда өз міндеттеріңізді тиянақты атқарып, ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетіп келесіздер. Ауа райының қолайсыздығына, жауын-шашынға, аяз бен боранға қарамастан қашанда денсаулық күзетінде тұрасыздар.

Ауыр да, абыройлы еңбектеріңіз еленіп, алғыс арқалаған жан-дар - Сіздерге ризашылығымыз шексіз. Осынау көгілдір көктем мерекесі қарсаңында өздеріңізге жолдаған ізгі тілектерімізді қабыл

алыңыздар.

Құрметпен «Акниет» кәсіподақтар комитеті.



**Жасыл аймақ**

**ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ — ОРТАҚ МІНДЕТ**

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген тұрғындардың немесе орман жұмысшыларының бұл мәселеге үнемі жіті қарай бермейтінінен өрт қаупі туындайды. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі — бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың сызбасы жасалады. Сызбада көлік жолдары, тұрғын үйлер, қардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұғырлар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қаупі бар нысандар белгіленеді. Сонымен қатар, оған өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру, т.б. қызметтер кіреді.

Орман өртінің алдын алуға бағытталған үгіт-насихат тәрбие жұмыстардың түріне мектептерде, клубтарда, сауықтыру орындарында, туристік базаларда және басқа да бұқаралық мәдени орындарда оқылатын лекциялар, баяндамалар жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы орман алқаптарын өрттен қорғау жөнінде жиі айтып отыру керек. Бұл ретте деректі кинофильмдер де үлкен әсерін тигізеді. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өрттен сақтану шаралары жасалған. Алайда осы мәселелерді орман маңында демалушылар ескере бермейді. Әр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға елеулі ықпалын тигізеді даусыз.

Жоғарыдағы айтып өткеніміздей, ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе орманның ішінде өрттің көзі жоқ. Рас, ормандардың жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өртті орманға негізінен адамдар әкеледі.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар:  
— сөндірілмеген темекі тұқылы немесе сірінке;  
— аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөптер жанып тұтанады;  
— механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.;  
— орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге алау жағады;  
— орман алаңдарына жақын жерлердегі егістің орнын жағады;  
— күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;  
— орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғыш құралмен тамырынан жұлу, қоқысты жағу, жолдарды, электржелілерін, құбырларды салуы кезінде сақтық шараларын қадағаламау және т.б.) дұрыс жүргізуі салдарынан;

Орман өрті сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет. Орман өрті жедел өтеді және тез таралады. Қалың ағаш ішіндегі өрт — минутына 3-4 метр жылдамдықпен таралып 10-14 сағатта үлкен өртке айналады. Оның ішіне кіру де, өрт сөндіру техникаларын енгізу де қиын шаруа.

Тағы бір мәселе, орманды өрттен қорғау бөлімдеріне жұмысшылар, көлік жүргізушілер, тракторшылар, қорықшылар, өрт сөндірушілер, өрт сөндіру көліктерінің жүргізушілері, ең бастысы, нағыз орман мамандары жетіспейді. Орман шаруашылығына оқу бітіріп келіп жатқан түлектер аз. Сондықтан нақты білім алмаған кездейсоқ адамдар жұмысқа келеді. Бұл ретте аз еңбекақыға қарамастан әулетімен еңбек етіп жүрген табиғат жана-шырлары — орманшылар отбасыларын қоғамға үлгі етуге тиіспіз. Орман шаруашылықтарына білікті, білімді кәсіби мамандардың келуі көп түйткілді шешер еді.

Орманды өрттен сақтау, табиғатқа тағдылық көрсетпеу — ортақ міндет. Өрт — тілсіз жау, елдің, өңірдің экономикалық әлеуетіне үлкен материалдық шығын келтіріп, тұрғындардың өміріне қауіп төндіреді. Өткен жылы Үкіметтің Қаулысы бойынша қазан айының үшінші жексенбісі «Орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі» болып бекітілгені белгілі.

**Қ. ҚАСЕНОВ,**  
**РМК «Жасыл Аймақ» Ерейментау орман шаруашылығының орманбасшысы.**

**Орман — мемлекетіміздің табиғи байлығы әрі экологиялық қауіпсіздіктің маңызды кепілі. Ол ауаны тазартып, табиғи тепе-теңдікті сақтайды және халықтың әл-ауқатына қызмет етеді. Сондықтан орманды қорғау — әр азаматтың міндеті.**

Орман алқаптарындағы өрттердің негізгі себептерінің бірі — отты абайсыз пайдалану. Статистика көрсеткендей, өрттердің басым бөлігі адам әрекетінен туындайды. Осыған байланысты тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырамыз.

Орманда от жағуға тек ерекше қажеттілік туған жағдайда ғана жол беріледі. Бұл ретте:

- \* қылқан жапырақты жас ағаштар арасында, орман жамылғысының астында, шымтезекті және құрғақ топырақты жерлерде, сондай-ақ өрт қауіпті кезеңде от жағуға қатаң тыйым салынады;
  - \* отты орман шетінен кемінде 10 метр қашықтықта, арнайы дайындалған ашық алаңқайда жағу қажет;
  - \* от жағылатын орынның шөбі мен құрғақ жабынын 1x1 метр көлемінде тазарту міндетті;
  - \* қауіпсіздік үшін ошақ айналасына минералды жолақ (ені кемінде 0,5 метр) жасалуы тиіс.
- Отты толық сөндіру — аса маңызды талап. Жанбай қалған қалдықтар мен көмірлерге мольнан су құйылып, олар толық сөнгенше араластырылып, қажет болған жағдайда топырақпен жабылуы керек. Ошақ орнының шеттері де мұқият суарылуы тиіс.
- Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау арқылы біз табиғатты сақтап, келер ұрпаққа аман жеткіземіз.
- Орман — біздің ортақ байлығымыз.

**Қ. ТӨЛЕГЕН,**  
**Шортанды орманшылығының орманшысы «Жасыл Аймақ» РМК.**

**Спорт**



**ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР**

Ағымдағы жылдың 7-21 ақпаны аралығында Қойгелді ауылында «Хрустальный колос» спартакиадасы аясында шайбалы хоккейден Ақмола облысының чемпионаты өтті. Аталған додаға Астрахан, Целиноград, Сандықтау, Шортанды, Егіндікөл, Ерейментау, Аршалы аудандары және Қокиетау қаласының командалары қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс барысында командалар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, әр кездесу шиеленісті әрі қызықты өтті. Әсіресе Целиноград ауданының хоккейшілері қарсыластарымен тең дәрежеде ойын көрсете білді. Спортшылар шеберліктері мен жеңіске деген жігерінің арқасында үздіктер қатарынан көрінді. Чемпионат қорытындысы бойынша I орынды — Аршалы ауданының хоккейшілері жеңіп алды. II орынды — Астрахан ауданының командасы иеленсе, үздік үштікті — Целиноград ауданының командасы түйіндеді.

Целиноград ауданы командасының жүлделі орынды иеленуі — жүйелі дайындықтың, жаттықтырушылардың кәсіби еңбегінің және спортшылардың қажырлы жаттығуларының нәтижесі. Бұл жетістік аудан спортының даму деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады.

Аталған жарыстың негізгі мақсаты — бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Целиноград ауданының хоккейшілерін қол жеткізген жетістігімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда бұдан да биік белестерді бағындыруына тілектестік білдіреміз!

**Саяхат АБДУЛЛА,**  
**аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.**

**Хабарландыру**

«Воздвиженка-Максимовка-фарфор зауыты» ӘЖ-35 кВ құрылысы үшін орман қоры жерлерінің санағы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

- 1) бастамашы: «Ақмола Электржелілік Тарату Компаниясы»АҚ
- 2) объектінің атауы: «Воздвиженка-Максимовка-фарфор зауыты»ӘЖ-35 кВ құрылысы;
- 3) қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі 16.03.2026 жылдан бастап жиырма жұмыс күні ішінде
- 4) ақпараттық жүйеге сілтеме <https://hearings.ndbceology.gov.kz/>

<p><b>Esil-Nura</b> Бас редактор <b>Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ</b></p>	<p>Меншік иесі: «Перне» ЖШС (Ақмола облысы Целиноград ауданы)</p>	<p>Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі. «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды. Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Таралымы — 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 43. Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.</p> <p>Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.</p>		<p>Ақмола ауылы Гагарин көшесі, 2 8(716-51) 30-537 e-mail: <a href="mailto:vestiakmola@mail.ru">vestiakmola@mail.ru</a> Сайт: <a href="http://vestiakmola.kz">vestiakmola.kz</a></p> <p></p>
---	---	---	--	--